**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 208 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 сәуір N 208а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 208
P020208_
қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтағы "32" деген сан "33" деген санмен ауыстырылсын;

қосымшаға сәйкес 33-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 12 сәуірдегі
N 208а қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 12 ақпандағы
N 208 қаулысына 33-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2002 жылға арналған 600 "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігін есептеу және ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 39 836 мың теңге (отыз тоғыз миллион сегіз жүз отыз алты мың теңге).

2. Бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 U010573_ Жарлығы, "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 P001501_ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өзіне жүктелген функцияларды барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін министрліктің, оның аймақтық бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: министрлікті, оның аймақтық бөлімшелерін есептеу және ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз ету.

6. Бюджет бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалар (кіші бағдарламалар) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Жүзеге асыру мерзімдері | Жауапты атқарушы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 600 | | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігін есептеу және ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз ету. | 123 дана компьютер, 1 дана сервер, 95 дана принтер, 4 дана сканер, 7 дана ксерокс, 2 дана модем, 11 дана үздіксіз қуат беру көздері, 123 желі карталары, 80 дана желі фильтрі, 5 дана NUB, 6000 метр желілік кабель, 800 дана арна кабелі (2 метр), 8 дана бағдарламалық өнімдер алу. | 2002 жыл бойына | Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі

аппаратын, оның аймақтық бөлімшелерін есептеу, ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз ету және оның жұмысының тиімділігін арттыру.

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК